

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2140 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 530 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 56, 620-құжат; 2002 ж., № 6, 36-құжат; 2003 ж., № 34, 332-құжат; 2006 ж., № 48, 507-құжат; 2007 ж., № 10, 114-құжат, № 36, 402-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тасмағамбетов	- Астана қаласының әкімі, төрағаның
Иманғали Нұрғалиұлы	орынбасары
Нокин	- Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
Серік Кеңесұлы	үй-коммуналдық шаруашылық істері
	агенттігінің төрағасы
Жәмішев	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;
Болат Бидахметұлы	

м ы н а :
«Жүнісов - «Астана қаласының Сәулет және қала

Сәрсембек Ендібайұлы құрылысы департаменті» мемлекеттік
мекемесінің директоры»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:
«Жүнісов - «Астана қаласының Сәулет және қала

Сәрсембек Ендібайұлы құрылысы басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің бастығы»;

көрсетілген комиссияның құрамынан: А.Ү. Мамин, Қ.О. Омаров, Н.А. Коржова, Ғ.І.

О р а з б а қ о в ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК